



Өзінің шыққан тегі ақ-сүйек болса да, Әлихан алты алашты жік-жікке бөлмей, қазақты бір ұлт қылғысы келді, соған жетеледі. Алаш қозғалысы жетекшісінің көзқарасы заман талабына сай ұлттық мәдениет

іесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, ана тілін пайдаланудағы еркіндік. Ұлт тәуелсіздігі үшін аса маңызды мәселе-тіл. Тіл-ұлттың негізі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды», -деп атап көрсеткен. Бұл «Алаш» партиясы мен «Мәңгілік Ел» идеясының үндестігі.

«Алаш» партиясының бағдарламасының жобасына

«Оқытушы – Кеңес құрылысының ұстасы» атты мақаласында «Оқыту жұмысының ұстасы – оқытушы. Оқытушының міндеті зор: оқытушының міндетін түсіне білу, мақсұтқа тез жету үшін жіті еңбек сіңіру керек. Олай болған соң, жұртшылық ұстап қазақ мұғалімі жұмысына, одан материалдарын жинап мамандығын арттыра беруге жұртшылық алдында, тұрмыс алдында міндетті»-деп атап көрсетті.

Қазақ ғұламасының ғасырға жуық уақыт бұрын айтқан сөзінің құндылығын қазіргі әлемнің білім саласындағы танымал ғалымдары да қайта дәлелдегендей. Үздіксіз іздену-мұғалімдерге қойылып отырған негізгі талаптардың бірі. Жаңашыл-

## Әлихан Бөкейхан мұраларының бүгінгі өмірмен сабақтастығы

қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болды.

Алаш қозғалысының басы-қасында жүріп, ол халқының жазбаша тарихын жазу, таныту мақсатында ұлтының тарихын тиянақты зерттеді. Бүкіл отаршыл империяға танылған ғалым, Қазақстан бойынша теңдессіз білгір сарапшы ретінде танылып, туған елі мен халқының тарихы, экономикасы, мәдениеті, шаруашылығы, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығы және жері туралы мыңнан аса мақала мен еңбек жазып жариялады. Әлихан Бөкейханның осы күнге қарай анықталып, жиналған шексіз бай мұрасының жалпы көлемі 16-18 томдық жинақты құрап отыр.

Осы теңдесі жоқ бай мұраның арасында мыналарды бөліп айтуға болады. Қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде мынадай талаптар қойылды: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жү-

да Алаш көсемі Әлекең «Ғылым-білім үйрету» саласында оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық бәм ақысыз болу, жұртқа жалпы оқу жайылуы туралы жазған еді. Бұл біздің қазіргі Ата Заңымыздың 30-бабында да көрініс тапқан. Алаштың біртуар азаматының осы арман-мұраты орындалып жатыр. Олар қабылдаған алаштық идеялар өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, қазақ халқын болашаққа бастаған ұлттық идеяның негізіне айналып келеді.

Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр. Педагог мамандығының беделін көтеру, педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыру күшейтілді.

дықтың көшінен қалмай, оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы оқыту сапасын арттыру-ұстаздар қауымының абыройлы міндеті. Орта білім жүйесінде әлемдік жоғары деңгейде қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемесін жаңа форматтағы мұғалімдер өз тәжірибелеріне енгізуде. Ұлт жанашырының тағы бір мақсаты осылай орындалуда.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ұлт көсемінің арманы қазіргі таңда толық жүзеге асты. Тәуелсіз Қазақстан елі бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. «Мәңгілік Ел» идеясымен қаруланған мемлекетіміз Алаш зиялысының жүзеге асыра алмаған идеяларын өміршең етуде.

**Меруерт Сагимбекова,**  
қазақ тілі мен әдебиеті  
мұғалімі,  
Қызыларай ауылы